

Хаттама №4 23.05.2023 ж Қамқоршылық кеңесінің отырысы .

Қатыскандар :

1. Мұханов Жетек – «Аманат» партиясының Жаңаөзен қалалық филиалының атқарушы хатшысы .

2. Аяпова Салтанат –жеке кәсіпкер.

3. Таскынбаева Райхан жеке кәсіпкер

4. Сәулебай Жұлдыз жеке кәсіпкер

5. Кезбаева Мерует жеке кәсіпкер

Күн тәртібінде :Ақтау қаласындағы «Балдәрен» жазғы демалыс базасына баратын аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларын жазғы демалыс лагерімен қамтамасыз ету туралы.

Гыңдалды: күн тәртібіндегі мәселе бойынша Аяпова Салтанат ата-ана Қосаякова Тұрдыгүлден өтініш түскен .Өтініште өзінің көп балалы ,аз қамтылған отбасынан екендігін қызы Тұрғанбай Жансаяны жазғы демалыс лагеріне жіберуін айтып өтініш берген болатын деді.

Шығып сөйледі:Сәулебай Жұлдыз Жансаяның 5ә сыныбында оқитындығын отбасында 6 бала бар екендігін айтты.Жансая бұрын ешқандай лагерьге бармаған ,аз қамтылған ,көп балалы отбасынан екендігін айтты.Сондықтан Жансаяны жазғы демалыс лагеріне баруына қарсы еместігін айтты.

Гыңдалды:Аяпова Салтанат 2ші өтініш Жайлауов Азаматтан түсті .Азамат қарындасы Дильназға ата-анасының қайтыс болуына байланысты қорғаншы болып тағайындалғандығы ,Дильназды биыл жазғы лагерьде демалуға жолдама сұрап өтініш жазғандығын айтылды.

Шығып сөйледі:Кезбаева Мерует Дильназдың ата-анасынан тұлдыр жетім қалғандығын,қорғаншысы Азаматтың өтінішін қанағаттандырылуын өтінді.Қамқоршылық кеңес мүшелері Дильназдың жазғы демалыс лагеріне баруына бір ауыздан қолдау білдірді.

Шешім :


1.Ата-ана Қосаякова Тұрдыгүлдің өтініші қанағаттандырылсын.




2.5 «Ә» сынып оқушысы Тұрғанбай Жансаяны Ақтау қаласындағы «Балдәурен» жазғы демалыс базасына баруға құжаттары ұсынылсын.

3. Жайлауов Азаматтың өтініші қанағаттандырылсын.

4.7 «Г» оқушысы Жайлау Дильназды Ақтау қаласындағы «Балдәурен» демалыс базасына баруға құжаттары ұсынылсын.


1. Мұханов Жетек  «Аманат» партиясының Жанаөзен қалалық филиалының атқарушы хатшысы.

2. Аяпова Салтанат




жеке кәсіпкер.

3. Таскынбаева Райхан




жеке кәсіпкер.

4. Сәулебай Жұлдыз



жеке кәсіпкер

5. Кезбаева Мерует



жеке кәсіпкер



Хаттама №3 1.03.2023ж

Қамқоршылық кеңесінің отырысы :

Қатыскандар : 7 адам Қамқоршылық кеңесінің мүшелері :

1. Мұханов Жетек – «Аманат» партиясының Жаңаөзен қалалық филиалының атқарушы хатшысы .

2. Аяпова Салтанат –жеке кәсіпкер.

3. Таскынбаева Райхан жеке кәсіпкер

4. Сәулебай Жұлдыз жеке кәсіпкер

5. Кезбаева Мерует жеке кәсіпкер

6. ТЖО Ишанбаева Оразгүл

7. Әлеуметтік педагог Кемеева Зина

Күн тәртібінде :

1. Мектептегі құқық бұзушылықтың және зорлық –зомбылықтың алдын алу тәртібінде қиындық тудыратын оқушылармен атқарылатын іс –шаралар .

2. Мектеп асханасының тамақ өнімдерінің сапасы мен тамақ ішу режиміне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Мұханов Жетек қазіргі таңда ата-аналар, балалар арасында зорлық-зомбылықтың соңғы жылдары қоғамда оның ішінде мектептегі балалар арасында зорлық зомбылықтың белең алуы күрделі мәселе болып отыр. Мәселен оқушылар арасында төбелес, қорқыту, мазақтау, кемсіту сияқты түрлері көп кездеседі. Сондықтан біздің мектебімізде осындай келеңсіз жағдайдың алдын алу мақсатында түсінік жұмыстарын жүргізу, мектепшілік есепте тұрған оқушылардың тәртібін үнемі бақылау жұмыстарын жүргізу қажет екендігін айтты.

Шығып сөйледі: тәрбие жөніндегі орынбасары Ишанбаева Оразгүл биылғы оқу жылында «Зорлық-зомбылық және балалар», «Зорлық-зомбылық туралы мен не ойлаймын» тақырыптарында 5-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. «Зорлық –зомбылық және біз» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Булинг және кибербулингтің алдын алу бойынша жадынамалар шығарылып таратылды. «Жыныстық зорлық -зомбылық», «Құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары» тақырыптарында жиналыстар



өткізілді. Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың тәртібі, сабаққа қатынасы үнемі бақылауға алынған. Психологтар тарапынан мінезінде қиындық тудыратын оқушыларға түзету коррекциялық жұмыстар жүргізіліп жатқандығын айтты.


Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша жеке кәсіпкер Кезбаева Мерует өзінің мектеп асханасында оқушыларды буфеттік өнімдер мен және ыстық тамақпен қамтамасыз етіп отырғандығын айтты. Аз қамтылған отбасы балаларынан 215 бала болса, бірінші сынып оқушыларынан 191 бала тегін ыстық тамақпен қамтылған деді.


Шығып сөйледі: әлеуметтік педагог Кемеева Зина брокераждық комиссия мүшелері айына асхана жұмысының ұйымдастырылуын екі рет тексереді. Асхана іші таза, санитарлық гигиеналық талаптарға сай келеді. Ыдыс сақтайтын бөлмелерде сынған, шеті ұшқан ыдыстар жоқ. Барлық тағамдардың сертификаттары бар. Асханада кезекшілік жолға қойылған. Бірінші сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасы балалары кесте бойынша тамақтанады.


Шешім:


1. Құқық бұзушылықтың және зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстарын одан әрі жүргізу мектептің тәрбие жөніндегі орынбасары О.Ишанбаеваға жүктелсін.
2. Мектеп асханасын сапалы тамақпен қамту, санитарлық-гигиеналық режимдерін сақтау жеке кәсіпкер М.Кезбаева жүктелсін, асхана жұмысының ұйымдастырылуын қадағалау әлеуметтік педагог З.Кемеева мен брокераждық комиссия мүшелеріне жүктелсін.


Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Мұханов Жетек – «Аманат» партиясының Жаңаөзен қалалық филиалының атқарушы хатшысы. 

2. Аяпова Салтанат – жеке кәсіпкер. 

3. Таскынбаева Райхан жеке кәсіпкер 

4. Сәулебай Жұлдыз жеке кәсіпкер 

5. Кезбаева Мерует жеке кәсіпкер 

Хатшы: Абдиева М